



ДЕНСАУЛЫҚ

ҚЫЗЫЛША

АСҚЫНЫП ТҰР

Өкінішке қарай, Ақмола облысы бойынша өткен 1 қараша мен биылғы 14 қаңтарға дейін қызылша дертімен 77 адам дәрігер көмегіне жүгінген. Оның 26-сы — 1 жасқа дейінгі сәбилер, 26-сы — 1-14 жас аралығындағы балалар және 2 жасөспірім мен 23 ересек адамның бойынан аурудың белгісі табылды. Арнайы сараптама нәтижесінде 43 адам осы дертке шалдыққаны анықталды. Облыстық қоғамдық денсаулық сақтау департаментіне жүгінсек, қызылша жұқтырған медицина қызметкерлерінің үшеуі Көкшетау қалалық N1 емханасының дәрігері мен медбикесі, қалғандары облыстық және қалалық ауруханалардың медициналық қызметкерлері. Алдын ала болжам бойынша, оларға дерт қызылшаға қарсы екпе алмаған адамдардан жүккан.

Қазірге дейін Целиноград ауданында — 6, Сандықтау ауданында — 23, Көкшетау қаласында 11 жағдай тіркелген. Олардың 91 пайызы екпе алмаған. Науқастардың 8-і екпеден саналы түрде бас тартса, үшеуі денсаулығына байланысты егілмеген. Егу жасына жетпеген 19 жағдай тіркелген. Денсаулық сақтау министрлігі қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Ақмола облыстық департаменті берген мәліметтерге қарағанда, қазір 25 науқас емделуде.

«Бізді алаңдататыны - қызылша ауруы. Еліміздің тұрғындары қарым-қатынас бойынша көптеп саяхатқа шығады, іссапарларға барады. Әрбір азамат шығатын елінің эпидемиологиялық ахуалын біліп алуы тиіс. Балалары қызылша бойынша егілмесе, міндетті түрде екпе жасатуы тиіс».

Жандарбек БЕКШИН,
Денсаулық сақтау министрлігі
қоғамдық денсаулық сақтау
комитетінің төрағасы – бас
мемлекеттік санитар
дәрігер

— Қызылша өте қауіпті деп ойлаймын. Сондықтан кез келген адам қоғамдық орындарда сақтанып, өзгелерге де ақылын айтудан жалықпағаны жөн. Әсіресе дәрігерлердің мұқият болғаны дұрыс, — дейді қала тұрғыны Күләйша Нұрәлиева.

Күні кеше денсаулық сақтау министрінің орынбасары Алексей Цой бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысқан жиында қызылшаның қараша айынан бері өршіп тұрғанын айтты. Ол: «Аурудың асқынуы әлем бойынша солай. Ал Қазақстанға келіп кетушілердің де есебінен дерт азаймай тұр. Қазір қызылшамен сырқаттанғандардың 76 пайызы балалар. Ауру көрсеткіші біз күткеннен 8 пайызға төмен. Денсаулық сақтау министрлігі дерт ошақтарын анықтап, тиісті шаралар қабылдап жатыр», — деді.

Қалай айтсақ та, Көкшетаудағы қызылшаның өршуі қауіпті құбылыс. Мұны дәрігерлердің өздері дерт жұқтырып жатқанынан байқауға болар.

Ал Атырау облысында екпе алмаған балалар қызылшаға шалдығып жатыр. Ауырған балалардың 85 пайызы 14 жасқа дейінгілер.

Бәйкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

ӨКІНІШ

АҚБӨКЕНГЕ АРАША БОЛЫП ЕДІ...



Қорықшы инспектор Ерлан Нұрғалиевтің өлімі елімізді елең еткізді. Өйткені ол қазақ үшін киелі жануар киікті қорғаймын деп ажал құшты. Қазақ «Киікті атқан адам оңбайды. Киіктің киесі ұрады» деп ырымдаған. Сондықтан болар, даланың кербез сұлу ақбөкеніне ешкім мылтық кезенбеген. Амал қанша, аң аулау қызыққұмар мен бай-бағланның ермегіне айналды. Табиғат жанашыры даланың төрт аяқты жануарын қорғаймын деп екі аяқты хайуанның қолынан мерт болды. Ерланның қапылыста қаза табуы қалың жұрттың өзегін өртеді.

(Толығырақ 3-беттен оқыңыздар)

СӨТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

АБАЙДЫ ОҚИ БАСТАДЫ

Алтай, Тарбағатай, Іле аймақтарында қазақ тілінде шығатын басылымдар бар. Шинжаң қазақтарының роман, повесть, өлеңдері көптеп шығып, оның біраз бөлігі қытай тіліне аударылып жатыр. Сол арқылы қазақ жазушыларының дүниежүзіне тарауға мүмкіндігі артып келеді. Жалпы, Қытайдағы қазақ жазушылары ондағы аз санды ұлттардың ішінде көш бастап тұр.



(Толығырақ 7-бетте)

ЖАЗА



СОТ ҮКІМ ШЫҒАРДЫ

Алматыда Денис Теннің өліміне қатысты сот отырысы мәресіне жетті. Кеше айыптыларға сот үкімі шықты. Судья Кеңшілік Әбілдинов Қылмыстық кодекстің 188-бабының 2-бөлімінің 2-тармағы, Қылмыстық кодекстің 99-бабының 2-бөлімімен, 192-бабының 2-бөлімінің 1,4-тармақтарымен қылмыстық жауапкершілікке тартылған Арман Құдайбергенов 18 жылға бас бостандығынан айырылды. Ол жазасын қылмыстық атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесінде өтейді. Ал Нұралы Қиясовты Қылмыстық кодекстің 99-бабының 2-бөлімімен, 192-бабының 2-бөлімімен айыпты деп тауып, 18 жылға бас бостандығынан айырылды. Ол да жазасын қылмыстық атқару жүйесінің қауіпсіздігі жоғары мекемесінде өтейді.

Сот Қылмыстық кодекстің 434-бабымен айыпталған Жанар Толыбаеваны 4 жылға бас бостандығынан айырып, жазасын қылмыстық атқару жүйесінің қауіпсіздігі орташа мекемесінде өтеуге үкім шығарды.



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)
60,54



DOLLAR
377.95



EURO
431,20



РУБЛЬ
5,66



168 SAĞAT

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ҮКІМЕТ

Халыққа қызмет көрсету орталықтарына бас сұға қалсаңыз, сендей соғысқан жұртты көресіз. Бірі құжат алып, екіншісі құжат тапсырып, үшіншісі жеке мәселе бойынша көкейдегі сауалына жауап іздеп жүр. Ал азаматтардың бәрі кез келген мәселесінің басым бөлігін үйде шай ішіп отырып-ақ шешуіне болады екен. Осы секілді өзекті мәселелер «Электронды үкіметті» және мемлекеттік қызметтер көрсетуді дамытуға арналған үкімет отырысында сөз болды.

Мәселен, былтыр біраз рәсімдер жеңілдетілген. Айталық жүргізуші куәлігін алу мен көлік құралын тіркеу электронды өтінім арқылы қабылданады. Осындай қызмет түрі 23 мыңнан астам рет пайдаланылған. Бұрын көлікті тіркеуге 6 сағат кетсе,

үкіметтің mGov мобильді қосымшасын дамыту алаңы уақытта жалғасады. Бұл дегеніңіз, сіздің

көрсетілсе, олардың жартысына жуығы — лицензиялар мен рұқсат құжаттары. Мұның барлығы бизнесті



МӘСЕЛЕНІ ҮЙДЕН ШЕШІҢІЗ

казір оған 2 сағат уақыт қажет. Көлігіңізді сататын немесе жана көлік сатып алатын болсаңыз, бұған 20 минут уақыт жеткілікті. Қағаз жүзінде бірде-бір құжат қажет емес. Мысалы, «Қазпошта» дайын құжат пен көлік нөмірін жеткізіп бере алатындығын білесіз бе?

Тағы бір мысал, әкімшілік айыппұлдардың бар-жоғын лезде тексеруге болады. Мүгедектікті анықтау, жәрдемақы тағайындау, ақшалай төлемдер, әлеуметтік төлемдер, протез-ортопедиялық көмек және тағы басқа әлеуметтік көмектерді мүмкіндіктері шектеулі жандар Халыққа қызмет көрсету орталықтарына келмей-ақ, кешенді түрде қабылдауға мүмкіндік алады.

Тек сіздің қолыңызда компьютер, ноутбук, не болмаса ұялы телефоныңыз болса жеткілікті. Осыған байланысты Электронды

үйден шықпай-ақ шаруа бітіруіңізге болатындығын айғақтайды.

Биыл да қарапайым халық үшін жақсы жағдайлар жасалмақшы. Қуана беруге болатын бастама. Жыл соңына дейін халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 80 пайызы, ал келесі жылы 90 пайызы автоматтандырылады. Нәтижесінде бір жылда қағаз түрінде ұсынылатын 110 миллион құжат қысқаралы. Демек, сіздер үшін жасалған мүмкіндіктерді әлі күнге толық пайдалана алмай келесіздер. Үкімет жиынында бұл да бірсыпыра сөз болды.

Бүгінде мемлекеттік қызмет тізілімінің 741 атауы бар. Отырыста баяндама жасаған Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев олардың 61 пайызы электронды форматта қолжетімді екенін айтты. 165 мемлекеттік қызмет электронды түрде ғана

дамытуда әкімшілік кедергілерді жою үшін қолға алынған.

Өткен жылы 64 жаңа мемлекеттік қызмет электронды форматқа көшірілген. Ал электронды мемлекеттік қызметтер көрсетудің негізгі құралы — электронды үкімет порталы. Қазіргі күні e-GOV-қа 8,5 миллионнан астам пайдаланушы тіркелген. 2018 жылы осы портал арқылы 30 миллион мемлекеттік қызмет көрсетілді. Енді онтайлануы тиіс 588 мемлекеттік қызмет анықталып отыр. Оларды электронды форматқа ауыстыру да жан-жақты қарастырылуда. Осы жұмыстардың қорытындысы бойынша 141 мемлекеттік қызметті электронды форматқа көшіру жоспарланған. Қорыта айтқанда, уақытты үнемді пайдалануға мүмкіндік көбейгелі тұр.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

АПТАНЫҢ АЛТЫ АУЫЗЫ



Сөз-Жебе

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ,
мемлекет және қоғам қайраткері:

«Бізде деректану ғылымы дамымай қалған. «Анау айтты немесе мынау айтты» деген аңызға, шежіреге сүйеніп сөйлейміз. Тарихтың бәрін де айналып келгенде жасайтын – өзіміз, яғни халық. Шежіреге сүйенгенімізбен, нақты деректерге баса маңыз беруіміз керек. Мен бір сапармен Ашхабадқа бардым. Музейлерінде Күлтегін де түрікмен, Тоныкөк те түрікмен екені жазылған. Мен сонда, «өтпеген-ай, біз осыны айта алмай отыр екенбіз ғой» деп ойладым».

Аптаның айтары

1 МЛН ТЕҢГЕНІҢ ШҰЛЫҒЫ ӨРТЕЛДІ



«Сот шешімімен тәркіленген шұлықтар өртеуден басқа мақсатта пайдалануға жарамсыз саналған.

Контрафакт дерегінің жолы кесілгелі бері қоғамдық пікір назардан тыс қалған жоқ. Мұқтаж адамдарға тарату туралы да пікір болды. Алайда қайда, қалай шығарылғаны белгісіз затты адамдардың денсаулығына нұқсан келтірмес үшін сот бұл заттарды өртеп жіберу туралы шешім шықты»

Алматы қалалық әділет департаменті

Әлеумет.т⁰



Әлеуметтік желіде өздеріне хайп жасап, жалаңаштанып жүрген қос қарақөздің «әдебіне» бәріміз өре түрегелген едік. Сөйтсек, олардың да жанашырлары бар екен. Тіпті әлгі арулардың желідегі «жалаңаш жарнамаларына» сүйсініп, сырттай тілектес болып жататындарды өз көзімізбен көріп, ой-пікірін құлағымызбен естідік.

Қайсы күні Алматыдағы түнгі би кештерінің біріне жолымыз түскен. Қасымда Атыраудан қонаққа келген бір досым бар. «Келгенше қонақ ұялады, келген соң үй иесі ұялады» деуші ме еді. Үйде отырып, ас-ауқатымызды ішіп болған соң, әлгі жігіт «түнгі клубтарыңды көрсетсеңші» деп қиялып қоймады. Бұрын да қайбір түнгі клубты көріп, қыдырды ғой дейсін. Қонақ өтініп тұрған соң, амалсыз көнуге тура келді. Содан көшеге шығып алып жын-ойнақтардың орласын іздей бастадық. Көшедегі кезексен жұрттан клуб, түнгі тіршілігі қызатын мейрамханаларды сұрау қонақ алдында ыңғайсыз күйге түсірді. Біреу ана жакта, біреу мына жакта деп әбден басымызды айналырды. Ақыры, Панфиловшылдар саябағы жанындағы есір әуені құлақ тұндыратын бір жын-ойнақтың қақпасын қақтық.

қарап: «Сендер мұндай жерге бұрын келмегенсіндер ме?» — делі талдырмаш сары қыз. Құлағымды құлағына тосып жатып, әрен естідім. «Иә» дегенді мензеп, басымды изедім. Бір кезде музыка әуені бөсендеп, жұрт тыныштала қалды. Би алаңында валсы басталды. Сол сәтте қасымдағы сары қызбен тілдесіп үлгердім.

— Мына клуб жалаңаш қыздардың хайп жасайтын жері екен ғой — дедім, қарны кампайған көкелердің құшағында майысып билеп жүрген қыздарға қарап.

— Сіз, не әлеуметтік ондайларды көрмегенсіз бе? Әлде анау сұлу қыздарға қызығып, шалдардан қызғанып отырсыз ба? — деді. Жүзі сұрланып кеткендей көрінді.

— Қызғанатын едім, бірақ әйелім бар, — дедім мысқылдап. Ол менің қыныр жауабыма намыстанып қалды ма, жүзіме тура қарап, өнінен ызғар шашып тұрып сөйлеп жөнелді.

— Сіздің кімдерді мензеп отырғаныңызды білдім. Олар біздің қоғамда бар дүниені көрсетті: сәукеле киіп жалаңаш суретке түсті. Көшеге шығып, баласын емізді. Ал біз ашық-айпаз шыға алмаймыз. Әйтпесе, Алматыдағы клубтарда одан зорғылары бар. Түнгі клубта қазақ қыздарын шешіндірген, жігіттердің аузына арақ құйған

ТҰЗ БҰЗЫЛСА, НЕ СЕБЕСІҢ?

Алматының кәрі-жасының бәрі сонда ма деп қалдым. Жартылай жалаңаш қыздар, қарны кампайған шалдар, тіпті күйі кеткен кемпірлер де жүр. Музыканың ырғағы да, әуезді әуені де жоқ — есірік бірлеме. Жұрт оған құлынып, еліріп билейді. Бізге бір шеттен орын тиді. Досыммен айғайласып сөйлесе бастадым.

— Басқа жакка барсақ қайтеді? Мұнда отырып береке таппаспыз, — деймін. Оған бұл жер бірден ұнап қалды.

— Кинодан ғана көруші едім осындай өмірді. Рахмет, мұнда әкелгеніне! — деп алғысын жаудырып жатыр. Мәзірлері де улай қымбат екен. Ал мұндағылардың бәрі байдың баласы ма дерсін. Ішімдіктің алуан түрі мен тамақтан стол қайысалы. Біз де шамамызға шақтап, тапсырыс бердік.

Досым би алаңына кетті. Мен әлгі бұрышта мейманасы тасқан жұртты сырттай тамашалап отырмын. Бір кезде әлгі досым би алаңынан үш сылқымды ертіп келді.

— Жәке, мына қыздар атырауский, — деді жүзі бал-бұл жайнап. — Қайырлы болсын! — дедім. Азан-қазаннан не айтқанымыз ешкім естіген жоқ. Содан қыздар біздің қасымызға жайғасып болған соң, анау-мынау емес, ішімдіктің ең заһарлысын алдырды...

Біздің аузымыз ашылып, аң-таң болып отырғанымызға

құрбыларымыздан да сорақылар бар мұнда — деп қолындағы қор-қорын сорып-сорып жіберіп, көк түтінді бүрк-бүрк еткізді.

Айтса айтқандай екен. Мұнда жалаңаш қыздардың әр түрлісі жүр: қызылы, сарысы мен көгі аралас. Тыр жалаңаш би: кеудесін ашып, санын жалаңаштағандардың көкесі осындай клубтарда болады екен. Намыстанып жатқан ешкім көрінбейді. Сары қыз маған билеп жүргендерді нұсқап «Атамыздай шалдар немересіндей қыздардың жанында маймыл бол десе — маймыл, күшік бол десе — күшік болады. Соны көрмейсіндер. Ит боп үрген жігіттер мен доңыз боп аунайтын қыздар ертең сіздің алдыңызда сызылып, әдепті-ибалы болып тұра қалады. Оны да байқамайсыздар. Сөйте тұрып, ақыл айтқышсыздар. Алдымен, түнгі клубтардағы қалталы шалдарды, байдың балаларын, ақшалы қыздарды тізгіндеп алыңыздар! Содан кейін ғана әлеуметтік желідегілерге тиісіңіз! — деп, менің аузымызды жауып тастады.

Сары қызға қарап отырып «Ет бұзылса тұз себесің, тұз бұзылса не себесің?» деген сөз есіме түсті. Сол күні әлгі жын-ойнақтан көңілісіз қайттым. Есесіне, газетімізге телефон шалған қоғам қайраткерлері тізгіңсіз кеткен қарақөздердің қылығын біраз сынады.

Жарас ШӨКЕ

Жетпегені осы еді?!

Сәуле АЙТПАЕВА,
Сенат депутаты,
Қазақстан Бала

құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілі:



«13-15 жастағы оқушылардың 14,8 пайызы күн сайын темекі тартады, 18 пайызы алкогольдік ішімдіктерге әуес. Балалардың көбісі, яғни 90 пайызға жуығы нашақорлықтың, темекі тартудың, ішімдіктің зорарлы салдарын түсіне бермейді»

Қызықстан
Қызықтары

«Шымкент – Алматы» пойызында жас келіншек күтпеген жерден босанып қалды. Қызылшақаны жол үстінде дүниеге әкелген Айгүл Жүзбаеваның қуанышына алғашқы болып ортақтасып, «бауы берік болсын» айтқан жолсеріктер екен.



Дәурен Байменов бастаған қызметкерлер Айгүлді сол күні кешке қарай Тараз стансасында дәрігерлер қолына тапсырады. Олар осы қуанышын әлеуметтік желілерде жария етеді. Алайда аз уақытта елдің алғысына бөленген жолсеріктер ұятқа қалды. Өйткені жолсеріктерге рахметін айтып, жана туған нәрестесін көрсетіп тұрған суреттегі мүлдем басқа келіншек. Жас ана желіде тарап кеткен өзі туралы видеодан хабары да жоқ боп шықты. Әйелінің орнына басқа адамды сөйлеткені үшін келіншектің күйеуі жолы болмаған жолсеріктерге қатты ашуланып жүрген көрінеді.

Ашық әңгіме

Jas qazaq: Дос мырза, сіз әлеуметтік желілерде желпініп жүрген жастарды жақсы білетін боларсыз. Намысқа тиетін оқиғалардың төркінінде қандай қитұрқылық жатыр деп ойлайсыз?

Д.Көшім: Ұлттың ұлылығын сақтайтын өзек — оның салт-дәстүрі, тілі мен діні, бір сөзбен айтқанда, ұлттық құндылықтары. Алайда казаки дәстүрден, казаки дүниетанымнан айырылып жатқандаймыз. Сөздің, уәденің қадірі кетті. Бұлардың барлығы жас ұрпаққа да үлкен әсерін тигізді. Бір сөзбен айтқанда, дүниеге дүбәра ұрпақ келе бастады.

Jas qazaq: Казақы құндылықты, салт-дәстүрді, ұлттық мінезді, ұлттық байлық саналатын киім-кешекті маскаралау қазір асқынып кеткендей.

Д.Көшім: Меніңше, жастардың көпшілігі «атымды шығарып, жұртты аузыма қаратсам» деп ойлайды. Талас жоқ, жақсы мақсат. Бірақ Димаштай әнші болу үшін, барлық қызықтарды жинап қойып, алты жастан бастап еңбектену керек; саусақтарын ауырғанша саз құралын менгеріп, даусынды түзеу керек. Атақты боксшы, балуан,

Дос КӨШІМ, саясаттанушы:



Өткен жылы әлеуметтік желілерде жалаңаштанып суретке түсу, сәукеле мен киіз үйді мазақтау сияқты жағымсыз жағдайлар жиі орын алды. Ұлт құндылықтарының қадірін кетіретін бұл көріністер жұрттың шамына тиді десек те болады. Осындай тәсілмен атын шығарғысы келген жастар жыл басталысымен желілерде тағы да жылатыңдай бастады. Тіпті бұл қоғамда іңдетке айналып келе жатқандай. Мұның астарында не жатқанын біз белгілі саясаттанушы Дос Көшімнен сұрап көрдік.

жөнге салуға болады? Қалай да мұнын бір шешімін табу керек қой...

Д.Көшім: Арсыздықпен «күрестін» бірнеше тәсілі бар. Біріншісі — заң арқылы жазалау. Кинодағы арсыз көріністер мен журнал беттеріндегі тыр жалаңаш суреттерге мемлекет тарапынан қатан жаза беріледі. Әлеуметтік желіде араб тіліндегі әнді тыңдаған немесе көк шар алып шыққандарға, алаңға жиналып, аруақтарға құран оқуға ниет қылғандарға жауапкершілік белгіленген. Ал халықты моральдық тұрғыдан мазақ қылғандарға көңіл бөлмеу — танқаларлық жағдай.

Екіншіден, ең бастысы — бұларға көңіл бөлмеу. Егер оларды теледидарға шақырып, ток-шоудың басты кейіпкері жасасак, бұл — олар үшін жеңіс болмақ. «Соларды көрсету арқылы, талдау арқылы қоғамды тәрбиелейміз» деген бекер сөз. Бұл — «арсыздық» деп аталатын кадам. Оны талқылаудың да еш қажеті жоқ.

ЖЕЛІДЕГІ ЖЕЛӨКПЕГЕ ТОСҚАУЫЛ КЕРЕК!

футболшы болғыңыз келсе де, есепсіз тер төгесіз. Ал еңбексіз атыңды шығарғын келсе, оның да жолы көп. Айталық шетелдерде алысқа түкіру, бір сағатта қанша төрт жейтінін, сыра ішудің жеңімпазын анықтайтын секілді сан түрлі жарыстар бар. Мұндай ақымақ жарыстарға шамаң жетпесе, көшеден жалаңаш жүріп немесе атакты бір адамды атып тастап-ақ танылуға болады. Бұл мәселелер Батыс қоғамында 60-жылдардан бастап пайда болды. Сондықтан болуы керек, олар «халықтың көңілін аударып, шалқасынан түсіреміз» дегендерді ауыздықтайтын заң шығарып қойды. Соған орай жалаңаш жүргендер «қоғамдық орында өздерін ұстай алмағаны» үшін сотталады. Ал «танымал» болу



Марат ТОҚАШБАЕВ,
қоғам қайраткері:



Соңғы уақытта әлеуметтік желілерде жат әдеттерімен жұрт көзіне сүйкімсіз көрініп, ұлттық болмысымыз бен құндылықтарымыздың қадірін кетіріп жүрген қазақ қыздарының өрекеті шын мәнінде, наразылық тудыратын жағдай. Бұларды отбасынан дұрыс тәрбие көрмеген деп айтуға негіз бар. Қазақ мұндайларды көргенсіз дейді. Не бұлдіріп жүргенін білмейтін санасыз жастарды жөнге салатын уақыт келді. Болса, заң жүзінде жазалаған дұрыс. Тым болмағанда, бұл мәселені қоғам болып талқыға салу керек-ақ. Әйтеуір бір ықпал етпесе, сананы өзгертуге күш салмаса, тіпті бұдан сорақы жағдайлар қайталануы мүмкін.

үшін жұлдыздарды атқандардың соты жабық өтіп, аттарын ұмыттыруға бағытталған тәсіл қолданылды. Христиан дәстүрін қатан ұстаған елдер бұндай «рекордтарға» қызықпайтын болды. Оларға «моральдық тұрғыдан азғындаған адамдар» деген баға беріліп, тек жек көрушілік (*«презрение»* деген сөздің қазақ тілінде нақты аудармасы жоқ деп ойлаймын. *«Жек көрушілік»* деген аударма бұл ұғымды нақты бере алмайды) сезімі қалыптасты. Бұлардың көпшілігінде тәрбиеден пайда болған психологиялық бір кемшіліктің, жетіспеушіліктің бар екенін де ескеру керек. Сұлу қыздар, тұлғалы бойжеткендер үшін денесін жалаңаштаудың қажеті жоқ. Сұлулық қандай киімнің ішінде болсын көрініп тұрады. Ал түрі не денесі келіспеген ақымақтарға халықтың көзіне түсу үшін сәукеле киіп, денесін жалаңаштаудан басқа жол қалмайды...

Jas qazaq: Ұлттың ұятын сақтауға қауқарсыз, санасы жетілмеген ұрпақты қалай



Сараш ҚОҢЫРБАЙҚЫЗЫ,
педагогика ғылымдарының докторы:

Қазақ «Атың шықпаса, жер өрте!» десе, «жер өртеп шығарған аттың несі мұрат?» дейді Абай атамыз. Естіп, көргенімізден байқағанымыздай, кейбір қыздарымыз «әлеуметтік ортаға танылғысы келіпті». Иә, танылды! Бүкіл қазақ білді. Бастысы, бұлай танылу олардың жанына қуаныш сыйлады ма?!

Отбасындағы ата-анасын жөне туған-туыстарын жөне әулетін, білім алған жерлерін, тіпті тұтас ұлтты ұятқа қалдырды. «Бұл қыздар тек танымалдық үшін осы әрекетке барды» дегенге сенбеймін. Десек те, бұл іске бір нәрсе түрткі болғаны айқын. Бойдағы ашу, эмоция, күш-жігер, жастық, максимализммен басында ештеңе байқамауы да мүмкін. Бірақ оларды қазір ары мазаламайды деп ойламаймын. Тіпті ұяламасын-ақ дейік. Бұдан қоғам зардап шеге ме? Шегеді! «Көргенсіздің баласы дегіз бе!» деп отбасында тәрбие беретін ата-ана ұрпағының бойына теріс пиғыл туғызумен-ақ ұлттың психикалық саулығына қатер төндіріп отыр. Бұған басында назар аудармау қажет еді. Енді көңіл бөлдік пе, аяқсыз қаламағаны дұрыс. Ата-анасы ұрпағының көлеңсіз өрекеті үшін жауап беруі тиіс. Сосын әлеуметтік желілерде белгілі талаптар да болуы керек. Қажетсіз немесе теріс ақпарат, осындай ұятсыздық көріністерін жариялап, көпшіліктің ашу-ызысын тудыратындығы жазбалар немесе суреттер үшін жауапкершілік арнайы заңда қарастырылғаны жөн.

Әңгімелескен
Жарас КЕМЕЛЖАН

KÖKEIKESTI

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Өкініш

Түзде жортқан киіктердің мүйізін сатып баюды ұйғарған табиғат қаскөйлері қорықшыларға шабуыл жасау оқиғасы Қарағанды облысында болды. «Охотзоопром» ӨБ» қызметкерлері далада оққа ұшқан киіктердің терісін табысымен, қар үстіндегі көлік ізін қуалайды. Ақыры, екі көлікті тоқтатады. Қылмыстарын мойындаудың орнына табиғат жанашырларына сес көрсеткендер тексеру кезінде, оларға шабуыл жасайды. Қорық мамандары қансырап жатып, құзырлы орындардан көмек сұрайды. Ал инспекторларды өлімші етіп соққыға жыққан үш азамат оқиға орнынан із суытады. Екі азамат ауруханаға жеткізілгенімен, бірі — Ерлан Нұрғалиев

АҚБӨКЕНГЕ АРАША БОЛЫП ЕДІ...



бірнеше сағаттан соң көз жұмған. Осындай жағдайға жеткізетін не сонда?

Құзырлы орын өкілдері киіктерді қорғауға қатысты шара күшейтілгенмен, жабайы аңшылардан айла артылмай тұрғанын айтады. Себебі жануарлардың мүйізі өте қымбат. Соның салдарынан Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген жануардың жағдайын ойлайтындар аз болып тұр. Мылтық асынып дала кезгендердің жүрек көліктерін қуып жетудің өзі қиямет. Ал қорықшыларды қор етіп жүрген ескі әрі жүрісі баяу көліктер. Әрі олардың айтқаны заң екендігін түсінетін жағдай да қалыптаспаған.

Ерлан Нұрғалиевтің өлімі жұртты дүр сілкіндірді. Ал екінші инспектор қазір дәрігерлердің бақылауында. Далада өлекесі қалған бес киікті атқан адамдар соқталдай азаматтың түбіне жетті. Ол елдің

пәлелер атысады кәдімгідей. Сөйтіп, Ерлан Нұрғалиев браконьерлердің қолынан қаза табады. Денис Тен қайтыс болғанда, қабырғамыз сынардай қайғырып едік. Неге? Ал Ерлан Нұрғалиевті қайтыс болған соң танып жатырмыз. Себебі «кішкентай адам». Былтыр Қорғалжын қорығына журналистер барғанда, фотоға осылай түсіріп алғанына да рахмет. Бірақ мемлекеттің ішкі тұрақтылығы осындай адамдардың еңбегінен тұнады. Тұрады. Қалай атасаңыздар да, өз еркіңіз. Бұларды соққыға жыққан адамдар ертең-ақ шартты жазасын алып, қайтадан киік пен адам атып жүре беруі мүмкін. Ал бұлар мардымсыз айлыққа күндіз-түні қу жанын шүберекке түйіп, желдің өтінде, жердің сызында киік қарауылдап жүргені. Медаль да алмайды, марапат та бұйырмайды. Осындай жанқиярлықтың арқасында шығар, біздегі киік басының 215 мыңға жеткені...».

Бейбіт Сарыбай былай дейді: «Бұрнағы заманда адамдар аңшылыққа аштықтан, мұқтаждықтан шығатын. Қазіргі кезде тоқтықтан,

еріккендіктен, зеріккендіктен шығатын болды. Бұрын аңшылық кедей-кепшіктің тірлігі еді. Бұрынғының мергендері бір өзі бір елді асыраған. Сөйте тұра, аңның киелісін атпаған. Бүгінгілер адам ата бастады...

Адамның көзіне ет өседі. Оны сылып тастаудың арнайы, нақты бағасы бар. Адамның көзін шел басады. Оның ашылуының құны нақтыланбаған...

Мылтықты қолданудағы басты мақсат — отанынды жаудан қорғау еді. Бүгінде отандасынды ататын қаруға айналды.

Сайын далада екі адам кезікті. Оның бірі — табиғатты қорғау үшін амалсыздан бала-шағасынан жырақ кетіп, түн қатып, түс қашып жүрсе, екіншісі — еріккеннен, зеріккеннен ермек қуып келіп еді. Екеуі де мылтық кезенді. Біріншісі — табиғатты қорғау үшін, екіншісі — өзінің қара басын қорғау үшін. Тағдыр дегеніңіздің де кейде өстіп тарылмайтын жерде тарылатыны бар. Табиғатты қорғамас болған ізгі ниеттінің мылтығы атылмай, қара ниеттінің оғы дәл тиді.

Біріншісін Алла алдынан жарылқасын. Мына заманда құрбандыққа бара алатын адамдардың бар екенін дәлелдеп бере алған ағамыздың жаны жәннәтта болғай...».

Желілерде пікір білдіргендер Ерланның тірлігі нағыз ерлік екендігін айтады. Өкінетініміз Өркен айтқандай, Бейбіт жазғандай, қатардағы қызметтегі қарапайым азаматтар қамқорлыққа, қолдауға зәру. Олардың отбасын асырауға жетерлік жалақысы мен мінген көлігінің қанша, қандай екендігі бөрімізге жұмбақ. Бас прокурордың орынбасары Андрей Лукин осы қантөгіске орай: *«Полиция департаменті осы ауыр қылмысты жасаған күдіктілерді анықтау бойынша жедел іздестіру шараларын жүргізуде. Сонымен қатар ішкі істер министрлігі орталық аппаратының қызметкерлері жергілікті полицияға көмек көрсету үшін Қарағанды облысына аттанды. Қысқа мерзімде бұл қылмыстың беті ашылатындығына*

ДЕРЕК пен ДӘЙЕК

Еліміздегі киік саны:

- 1960 жылы — 1 300 000
- 2003 жылы — 23 000
- 2016 жылы — 10 8000
- 2017 жылы — 153 000

Киіктің қырылуы:

- 2010 жылы — 12 000
- 2011 жылы — 400
- 2015 жылы — 150 000

Дереккөзі: Wikipedia



сенімдімін. Яғни күдіктілер анықталып, қамауға алынады», — деді.

Бет қатталып жатқанда: Кеше ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов қорықшыларға қатысты түсініктеме беріп, қылмыскерлердің анықталғанын хабарлады.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

NARYQ

Қаржы нарығы

– Сәлеметсіз бе? Айдын Пәленшеев бар ма?
– Ондай кісі жоқ.
– Қалай жоқ?
– Мұнда тұрмайды.
– Осы нөмірді қалдырыпты ғой.
– Кім сұрап тұр?
– Қарызы бар еді.
– Ондай кісіні танымаймын.
– Қалайша танымайсыз? Ол осы нөмірді қалдырды ғой?!
– Енді қайтем?
– Табыңыз!
– Таба алмаймын.
– Неге?
– Өйткені ондай адамды білмеймін!

берілетіні және жүктелетін міндеттемесі заңмен реттеледі. Сондай-ақ заң кредиторлардың

сәйкес, борышкермен агенттік аумағында болған әңгіме аудио немесе бейнетаспаға жазылуы тиіс.

Ол материалдар жарты жыл сақталады. Сондай-ақ борышкердің талап етуімен коллекторлық агенттіктің өкілеттігін растайтын құжатты көрсетуге, толық акпарат беруге міндетті.

Біздегі коллекторлық агенттіктер негізінен осы екі талапты бұзады.

Сондықтан Ұлттық банк коллекторлардың қандай іс-әрекетіне тыйым салынғанын тағы да еске салды.

Біріншіден, борышкердің ар-ождан, іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді таратуға, сондай-ақ оған мүлік залалын келтіретін мағлұматтарды жариялауға рұқсат етілмейді.

Екіншіден, азаматтың құқығы мен еркіндігіне нұқсан келтіретін, оның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін құқық бұзушылыққа жол берілмейді.

Үшіншіден, борышкерге қысым көрсетуге, оның немесе өкілінің мүлкін жоюға, құртуға, тіл тигізуге, алаяқтық жасауға, жалған құжат жасауға, бопсалауға болмайды.

Төртіншіден, қарыз мөлшері мен сипатына қатысты борышкерге жалған акпарат бермеуі тиіс.

Бесіншіден, коллекторлық агенттікке қарыз өтемі есебінде колма-кол немесе аударым арқылы акша немесе қандай да бір мүлікті алуға тыйым салынады.

Коллекторлық мекеме қарызды мүлікпен өтеуді де талап ете алмайды. Сондай-ақ еліміздің заңымен қорғалатын коммерциялық немесе өзге де құпияны жария етуге құқығы жоқ.

Осылайша, заң да, қатаң қадағалау да қарызды қайтарумен айналысатындардың арынын басуға сеп болады. Бұл керек. Себебі банктер несие беруді, жұрт несие алуды тоқтатқанша, коллектор жұмыссыз қалмайды. Екінші жағынан, коллекторлық мекемеге түйткілді қарыздан «тазартушы» деп қараған дұрыс. Алған несиеcін қайтарудан жалтарып, көп жыл өткеннен кейін банк қарызды жояды деп үміттенетін жандар да бар.

Жоғарыда айтып кеткен коллекторлармен арадағы «диалогқа» арқау болған Айдын Пәленшеев солардың қатарынан болар.

Гүлнар АХМЕТОВА

ТӘРТІПКЕ КЕЛ, КОЛЛЕКТОР!

Білгім де келмейді. Бірақ үйдің телефонына қоңырау шалатындар айтқан сөзді түсінбейді. Әлгі Айдын дегенді жасырып отырғандай көреді. Кейде жалынады, кейде док көрсетеді. Өткен күзде «Интерполмен ит қосып іздесендер де табатын уақыт болды ғой!» деген соң ғана тынышталды. Әйтсе де, күндердің бір күнінде байланысқа қайта шығатынына сенімдімін. Өйткені бес жылдан бері қоңырау шалып жүрген коллекторлар екенін білемін. Олардың кәсіби деңгейінен хабарым жоқ. Бірақ осыған қарап-ақ коллекторлық қызмет нарығындағы ахуалдың қандай күйде екенін шамалауға болады.

Елімізде «Коллекторлық қызмет туралы» заң қабылданғанға дейін қарыз қайтарумен айналысатындардың іс-қимылы Азаматтық кодекc нормаларымен реттелді. Ол нормаларды бұзғаны үшін қандай да бір жауапкершілікке тарту жағы қарастырылған жоқ. Борышкерге күш көрсетпегенімен, психологиялық қысым жасалғаны жөнінде аңыз-әңгіме көп. Қорқытып-үркіту, дауыс көтеру, борышкердің өзі тұрмақ, туған-туыс, дос-жарандарына түн ішінде телефон шалу үйреншікті жағдай еді.

2017 жылы «Коллекторлық қызмет туралы» заң қабылданған соң бұл салада біршама тәртіп орнады. Ең әуелі бұл заң банктер мен коллектордың қарым-қатынасын айқындап берді. Бұрын банк қарызын қайта құрылымдауды өтінген борышкерді коллекторға жөнелтетін. Олар өз кезегінде қарызды дереу төлеуді талап ететін. Қазір банктің қандай қарызды коллекторға өткізуге болатыны, қандай құжаттардың



үшінші тұлғаларға — кепілдеме берушіге, борышкердің туыстарына қатысты міндеттемесін де белгілеп берді. Онда коллектордың кіммен байланыс жасауына рұқсат етілгені көрсетіледі. Мұның бәрі, әрине, заң шеңберінде әрекет етуге жағдай жасайды.

Бүгінгі күні елімізде 138 коллекторлық агенттік тіркелген. Олардың іс-қимылы «Коллекторлық қызмет туралы» заңмен реттеледі. Жұмысын Ұлттық банк қадағалайды. Соған қарамастан, заңға қайшы әрекет ететіндер әлі де бар. Осы аптада Ұлттық банк сондай агенттіктердің тізімін жариялады. Коллекторлардың заңнан алыстамай жұмыс істеуі қажет екенін тағы да ескертті.

Шағымның көбі заңның 5-бабымен, атап айтқанда, борышкермен өзара іс-қимыл тәртібін бұзумен байланысты. Заңға

КӨРСЕТКІШ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

(2018 жылғы қаңтар-желтоқсан)

ЖАЛПЫ ӨНІМ (қызмет) КӨЛЕМІ – 4 410 млрд теңге



МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ – 2 044,9 млрд теңге

ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫ – 2 331,9 млрд теңге



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ – 11,8 млрд теңге

ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ – 12,7 млрд теңге



БАЛЫҚ АУЛАУ – 7,8 млрд теңге



Дереккөзі: ҚР Статистика комитеті

Мұнай

КЕШЕНДЕ – КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ

Қашағанда жұмыс 45 күнге тоқтатылады. НКОК (North Caspian Operating Company) баспасөз қызметі хабарлағандай, нормативтік талаптарға сай, компания биыл жер үстіндегі «Болашақ» және төңіздегі D кешендерінде күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр.



Сол себепті осы екі кешендегі жұмыс тоқтайды. Бұған дейін өндірілген өнім түгелдей экспортталады.

Быттырғы жылы Қашаған кенішінде 13,2 млн тонна мұнай өндірілді.

Infographic

БАҒА БАҒАМЫ

АРЗАҢДАУЫ ТИІС



15,3%



17,5%



22,7%



22,3%

ЖӨРДЕМАҚЫ КӨБЕЮІ ТИІС



АЙЫППҰЛ АРТТЫ



ktk.kz

Зейнетақы қоры

«Бозгүл Аурум» ЖШС құрылтайшысы Бақытжан Кенжебаев Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қорына (БЗЖҚ)

өз қаржысы есебінен 584,5 млн теңгені қайтарды. Бұл – келтірілген шығынның бір бөлігі.

ҚАЙТҚАН МАЛДА ҚАЙЫР БАР

Kapital.kz жазғандай, 2019 жылдың 10 қаңтарында БЗЖҚ пайдасына 584 518 705 теңге 87 тиын аударылды. Бұл сома «Бозгүл Аурум» ЖШС құрылтайшысы Бақытжан Кенжебаевқа қатысты атқару өндірісі бойынша келіп түсті. Қарыздың қалған бөлігін қайтару жөнінде өзге өтініш әзірге жасалған жоқ.

БЗЖҚ жанындағы Қоғамдық кеңеске 2017 жылдың басында «Бозгүл Аурум» компаниясы келтірген шығынның бір бөлігін қайтару туралы компания құрылтайшысы Бақытжан Кенжебаев өтініш жасаған. Ол сот үкімі күшіне енбей тұрып қорға 800 млн теңге аударғысы келген.

Еске түсірсек, 2018 жылдың 18 сәуірінде Алматыдағы қылмыстық істер бойынша мамандандырылған ауданаралық сотта БЗЖҚ-ның



бұрынғы басшысы Руслан Ерденевқа қор қаржысын жымқырды деген айып тағылған еді. Сот шешімі бойынша, Руслан Ерденев 12 жылға бас бостандығынан айырылып, 400 мың доллар (132 млн теңге) көлеміндегі мүлкі тәркіленді. Оның сыбайластары да әр түрлі жазаға тартылды.

Сот Ерденев, Медетбеков, Бахтов және Кенжебаевтан БЗЖҚ-ға 5 млрд теңгені өндіріп алу жөнінде шешім шығарды. Әзірге берешегін Кенжебаев қана қайтарды.

Еске салсақ, 2016 жылдың желтоқсан айында БЗЖҚ-да тексеру жүргізілді. Соның нәтижесінде 2016 жылғы 6 қазанда БЗЖҚ биржада «Бозгүл Аурум» ЖШС-ның 500 мың облигациясын 5 млрд теңгеге сатып алғаны анықталды. Көп ұзамай бұл компанияның өз міндеттемесін орындай алмайтыны анықталды. Инвестиция жасау туралы шешім қабылдағандар соны біле тұра, әлгіндей қадамға барған. Сол кезде зейнетақы қорының салымшылардың емес, өз қаржысы есебінен «Бозгүл Аурум» активтерін сатып алғаны жария етілді.

Талап ТІЛЕГЕН

Жетісу жерінде қорадағы қой мен жайылымдағы жылқыны айдап өкететін барымташылар қолға түсті. Бірақ әккі бауқеспелер қолды қылған малды қайтармай отыр. Неге? Бұл сұрақтың жауабын табу қиын, әрине!



КІРГЕН ІЗ БАР, ШЫҚҚАН ІЗ ЖОҚ

Әлгі ұрылар екі жыл бойы елдің қорасына қырғидай тиген. Ақыры торға түсті. Ұрылар негізінен Алматы облысына қарасты Кеген ауданының және Талғар мен Алматы қаласының тұрғындары. Бәрі шеттерінен бауқеспе: оң қолмен амандасып, сол қолмен қалтаңды қағып кетеді. Сонымен, ұрланған мал кімнің қорасынан табылды?

АҚБАСТАУДАҒЫ ДАУ

Малын алдырған ағайын бізді ертіп ұрының үйіне алып барды. Еңбекшіқазақ ауданының Ақбастау ауылындағы күдіктінің үйіне біз де бас сұппақшы болдық. Қора-жайдың қожайыны — жетпіске таяған қария бізге жауап бермей, тіпті үйіне жақындатар емес. Қақпасын жауып, біздің камерамызға жабысты. Ұрланған малдың осы қорадан табылғаны анық. Малын алдырған шаруалар осында ертіп келді ғой.

— Ұрланған мал сіздің үйіңізден қалай табылып отыр, осыған жауап беріңізші! — дедік... Бірақ жауап ала алмадық.

Біз әңгіме қылып отырған ұйымдасқан ұрылар — Алматы облысының Ынтымак, Қоянқұс, Жаңадәуір, Ащыбұлақ, Жетіген, Төңкеріс, Қапшағай, тіпті Қаскелең тұрғындарын қан қақсатып келіпті. Олар небәрі үш айдың ішінде 312 бас қойдың ізін жасырып үлгеріпті. Бұл әзірге мойындағандары. Ал ұрланған малды Ақбастауда тұратын сенімді адамдарына өткізіп отырыпты.

Ұсталғандар қолды қылған малды кімге сатқандарын да айтып берген. Полиция содан кейін ғана екі жылдан бері малын іздеп жүрген жиырма шақты тұрғынды алып сонда барған. Қораға кірген бойда қой-қозысы шаруаның көзіне оттай басылды.

Қорасындағы қойы мен жылқысын алдырған Ердан Исмағұлов «Ұрланған малымды осы үйден тауып отырмын. 108 бас қойым осы



қорадан шықты. Бізді кіргізбей, есіктерін жауып алып, үйіне жақындатпай жатыр. Не істейміз енді? Күндіз-түні жүреміз бе?» — деп күйінеді.

Ашу-ызадан, шарасыздықтан қиналған шаруаның көзіне жас толса да, өзін-өзі әрең сабырға шақырып тұр.

Ұрланған қойды иесіне қайтарудан үзілді-кесілді бас тартқан алыпсатар есігін тарс жауып алды. Тіпті тәртіп сақшылары да оған «тәйт» дей алмады. Ал қораға бейберекет басып кіріп, өз малын алып кетуге бата алмаған жұрт есіктен сығалап қалды.



Еркебұлан ИСАПАЙ,
шаруа:

Үш күннен бері жүрміз, ала алмаймыз. Не үшін ала алмаймыз, ешкім айта алмайды. «Сатып алғанмын» дейді. Ал заң жүзінде ұрланған қойды сатып алған адамды да жауапқа тарту керек. Оны неге тартпайды? Ол үйінде жайбарақат жүр. Заңның баптары бар емес пе, ұрланған малды сатып алу, ол да қылмысқа жатады».

Тілшілердің алдында шарасыз күйін жасыра алмаған Алматы облысының тағы бір шаруасы Еркін Нүсіпов «Халықты сонша жылататын не керек? Адал еңбекпен өсірген малымыз ғой. Бұлай болмайды негізі. Адамгершілікке жатпайды. Бір рет ұрласа жарайды, үндемейтін едім. Екі рет ұрланғаннан кейін не дейсіз? Дәл қазір мына қорлықтан, басынудан жылауға шақ қалып тұрмын» деп, өзін әрең ұстап тұрды.

Сорақысы сол, алыпсатардың үйінен, тіпті быттыр көктемде ұрланған мал да табылыпты. Малшы Жанат Нүсіпов «Біз Жетігеннен 10 адам келіп тұрмыз. Он адамның малы осы жақтан шығып жатыр. Бірақ әлі ешқандай қозғалыс жоқ! Малымыз табылған үйдің иесін сақшылар әлі тергемеген. Тіпті тексермеген. Үйінде тайраңдап жүр» деп жауап берді.

Ал үйінен ұрлық мал шыққанына өзін «алыпсатармын» деген адам ұялмайтын сияқты. Керісінше, «бәле іздеп жүрсіндер!» деп өзімізді кінәлады. Сонда біз қоярда-қоймай «Егер ол қойлар сіздікі болса, ұрланбаған болса, онда көрсетсеңізші!» деп жабыстық. Қария «Жоқ! Сау болыңыз!» деп бет қаратпады.

— Жарайды, ұрламадым, базардан алдым дейсіз, онда кімнен сатып алдыңыз?

— Сізге бұдан да көп мәлімет керек! Басқа ешнәрсе айтпаймын. Сау болыңыз!

Қорасынан ұрлық мал шыққан Ақбастау тұрғынының айтуынша, қорасындағы жүзден аса қойдың бәрі өзінікі екен. Бірақ көрсетпей жатыр. Тіпті камераны жолатпады. Мүмкін, басқа шаруалар малын көріп қойып, тартып алып кете ме деп сескенетін шығар?..

Әлгі алыпсатардың бұлай емін-еркін жүруіне де себеп бар сияқты. Өйткені, шаруалардың айтуынша, оның үлкен ұлы полицияда істейтін көрінеді. Ал қолға түскен күдіктілердің бесеуі 25-тен 38-ге дейінгі тепсе, темір үзетін жігіттер.

Әккі ұрылардың ұсталғаны да қызықты оқиға. Егер көлік құжаты болмаса күдіктілер қолға түспейтін бе еді. Өйткені кезекті түнгі жорық кезінде ұрылардың бірі түзге отырыпты. Қағаз орнына қалтасындағы құжатты пайдаланыпты. Сол қағазда көлік нөмірі мен басқа да мәліметтер жазылған екен. Ең қызығы, қолға түскендердің екеуі 7 ай бұрын дәл осы мал ұрлығы бойынша ұсталып, кейін оларды сақшылар босатып жіберген көрінеді. Бірақ одан сабақ алмағандар ескі әдетіне қайта басқан сияқты.



Сулладин НӘБИЕВ,
шаруа:

Ұрылардың екеуі былтыр мамырда менің малымды ұрлап, ұсталған. Полицейлер ол кезде тергегендей болды. Бірақ кейін жібере салды. «Неге?» деп сұрағанымда, «шу шығарма, шығыңныңды өтеп береді» деді. Бірақ, сол күйі

МАЛ ҰРЛЫҒЫ

(2018 жыл)



Жамбыл

облысы —

1113 БАС МАЛ

Қостанай

облысы —

538 БАС МАЛ

Көкшетау —

200 жылқы

Жалпы еліміз

бойынша —

13 000 БАС МАЛ



өтеген жоқ. Егер тергеушілер сол кезде ұрыларды жібермегенде, мына былықтың бірі де болмас еді. Қаниама ел адал бағып отырған малынан айырылмас еді. Бұлар бәрі ауыз жаласқандар.

Әзірге кей шаруалар ұрланған малын кері қайтарып алды. Ал қалғандары тергеу толық аяқталғанша табылған төрт түлігін үйлеріне айдап өкете алмайды.

КЕГЕННІҢ БАУКЕСПЕЛЕРІ

Алматы іргесінде бес ұры ұсталып жатқанда, шалғайдағы Кеген ауданында тағы бес барымташының қолына кісен салынды. Олар қой емес, кілең жылқы ұрлапты.

Тергеу кезіндегі суық қолды ұрының бірі берген жауап:

Жалаңаш ауылынан 30 бас жылқы айдап әкеттік.

— Қайда алып бардыңыздар?

— Жетігеннің жанындағы Нұра деген ауылға жетпей.

— Жаныңызда кімдер болды?

— Жанымда Дидар, Жандос, Бауыржан деген жігіттер болды.

Жалаңаш пен Кіші Жалаңаш ауылдарын торуылдаған барымташылар бас-аяғы 87 жылқыны айдап өкеткен. Ұрыларға басқа емес, сол ауылдың адамдары көмектескен көрінеді.



Серік ҮПИЕВ, Алматы облыстық полиция департаментінің ресми өкілі:

Бірінші жолы 30 жылқы алып кетсе, екінші келгендерінде 1 айдан кейін сол Жалаңаш және Кіші Жалаңаш ауылы тұрғындарынан тағы да 57 бас жылқыны айдап әкетеді. Өзінің жолдарымен Алматы қаласы маңына жеткізіліп, сол жерде қалыптасқан жүйе бойынша сатылған.

Қазір 5 күдіктінің төртеуі қамауда отыр. Ал біреуі ешқайда кетпеу туралы қолхат жазып, бостандықта жүрген көрінеді. Олар қолды қылған 87 бас жылқының иелеріне қайтуы екіталай сияқты. Өйткені, жартысы сатылып, қалғаны етке өтіп кеткен. Десе де, ұрланған жылқыны кімдердің сатып алғаны белгілі. Оларды жауапқа тарту үшін сақшылар «жан-жақты жұмыс істеп жатырмыз» дейді. Десе де, Ақбастаудағы жағдай мұнда да қайталанбасына ешкім кепілдік бермейді.

Аруна ОРТАЙ,
«Антар» КТК

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Ерден ӨРІПОВ, Жоғарғы сот судьясы:

Қолымыздағы дәлел-дәреке көрсетіп отырғандай, сотта 251 қылмыстық іс қаралып, 464 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған. 251 істің ішінде тараптардың татуласуымен 226 адам қылмыстық жауапкершіліктен босатылған. 203 адам сотталып, 1 адам ақталған. Сот үкімімен аталған істерде 70 адам бас бостандығынан айырылды.

Мал ұрлығы бойынша қылмыстық істердің көбі Түркістан облысындағы соттарда (71 адам), Алматы облысында (57 адам), Қызылорда облысы (91 адам), Шығыс Қазақстан (49 адам) облыстарының соттарында тіркелген. Маңғыстау облысында мал ұрлығының ең төменгі көрсеткіші байқалған (бар жоғы екі адамға қатысты 1 қылмыстық іс). Ақмола облысында (6 адамға қатысты 3 қылмыстық іс), Қарағанды облысында (12 адамға қатысты 4 қылмыстық іс) тіркелген.

(2018 жылдың 9 айлық қорытындысы)



Өмірдің өзінен

**Абақты қатар-қатар болады екен,
Ішіне жақсы, жаман толады екен.
Ішіне абақтының кіріп барсаң,
Көңілің су сепкендей болады екен.**

Таңжарық ЖОЛДЫҰЛЫ, ақын

Журналист болған соң өмірде сан түрлі адамдармен кездесесін. Қилы-қилы тағдырлармен бетпе-бет келесің. Ал ең бастысы, осы бір-біріне ұқсамайтын тағдырлар арқылы оқырманға ой тастайсың. Жас болсын, мейлі кәрі болсын, сенің жазған мақалаңнан титтей де болса сабақ алса, мақсатына жеттің деген сөз. Қазір қоғамда орын алып жатқан жантүршіктілер оқиғалар көпшілікті ойлантпай қоймайды. Соңғы кездері жап-жас қаракөздеріміздің жат ағымға арбалып, тіпті Сирия асып кетуі сынды жағдайды жиі естиміз. Күні кеше ғана «Жусан» операциясымен жат ағымға арбалып, отты өлкеге кеткен жас аналар мен періште балапандардың алды елге оралды.

Ал алып шаһар Алматының өзінде хиджап киіп тұмшаланып жүрген жас аруларды күнде кездестіреміз. Олар қаншалықты дұрыс ағым ұстанып жүр? Елімізде жат ағымдармен күрес қалай жүргізіліп жатыр? Осы сауалдарға жауап іздеп Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармаға қарасты «Имани гүл» діни кеңес беру және оналту орталығының жетекшісі, теолог Жұмагүл Әбдірахмановадан адасқан қыздармен жұмыстың қалай жүріп жатқанын сұрағанбыз.

Қазіргі таңда еліміз бойынша жат ағымдармен күрес операциясы қарқынды жүргізіліп жатыр. Ол өз алдына бөлек әңгіме. Сұхбат барысында Жұмагүл Халиуллақызынан оналту орталығына келіп, білімін жетілдіріп дұрыс жолға түскен қыздар өз әңгімелерімен бөліссе деген өтініш айтып, газетімізге сұхбат беретін кейіпкермен таныстыруын өтіндім. Жұмагүл апай бірден «Айдананың *(кейіпкердің өтініші бойынша есімі өзгертілді)* айтары бар. Жат ағымның жетегіне еріп кетпесе де, түрмеде тура жолдан

айтқанда, кісі өліміне себепкер болып қалдым. Қылмыскер атандым. Осылайша 14 жыл жазаға кесілдім. Оқиғаның мән-жайын ашып айтқым келмейді. Себебі менің тағдырым, маңдайыма солай жазылды. Маған сынақ берілді. Мен сол сынақтан өттім. Аллаға шүкір, рақымшылыққа ілініп жазамның 9 жыл 41 күнін өтеп, бостандыққа шықтым. Кейбіреулер «Мына қыз неге түрмеге түскеніне риза болып отыр?» деп сөгуі мүмкін. Дегенмен, түсіне білген адамға бұл бір үлкен сабақ болды.



Көмек: Ғалия ҚАЛИЕВА

ТҮРМЕНІ ДЕ ШАРПЫДЫ

адастырған шала діндарлардың ортасында болған. Оның тағдыры ерекше» деп телефон нөмірін берді.

Орталық жетекшісі жас арудың жалынды жастығы абақтыда өткенін, бостандыққа шыққаннан кейін Айдана діни сауатын жетілдіріп, тіпті қаламыздағы діни білім беретін оқу орнында оқып жүргенін айтты. Шыны керек, Айдананың телефон нөмірін алғаннан кейін бірден хабарласа алмадым. Қыз болғандықтан, оның жанын жаралап, өткен өмірін қайта есіне түсіріп, көңіліне қаяу салғым келмеді. Бірақ жас арудың айтары бар шығар, мүмкін оның тағдыры оқырман қауымға, тіпті болашақ аналарға ой салар деген мақсатпен оған хабарласуды жөн көрдім.

Ең алдымен Айданаға газеттен хабарласып отырғанымды айтып, сұхбат беруге рұқсатын сұрап хабарлама қалдырдым. Хабарламаны бірден оқыған ол сұхбат беруге дайын екенін, тіпті өз үйіне келуімді өтініп жауап жазды. Бірден Айдананың үйіне жолға шықтым. Ол мені көпқабатты үйдің жанынан күтіп алды. Кездескенге дейін оны басқаша елестеткем. Бір қарағанда талдырмаш, нәзік, сүйкімді қыз өмірдің бұралаң жолына өз еркімен түсті дегенге сенбейсіз. Мінезі ашық, сыпайы.

— Сыртта тұрмайық, ата-анам жұмыста. Үйге жүріңіз — деді. Екеуміз жол бойы танысып, Айданаға Жұмагүл апайдың нұсқауымен келгенімді айттым. Ол бірден Жұмагүл апай маған ескертті, менің өткен өмірім бір адамға сабақ әкелсе, соған да ризамын. Сондықтан сұхбат беруге келістім деді. Екеуміздің әңгімеміз дастархан басында жалғасты.

— Айдана, сенің басыңнан өткен оқиғаның мән-жайын толық білмеймін. Әйтсе де, оқырмандарға түсінікті болу үшін «Имани гүл» оналту орталығына дейінгі өміріңді әңгімелеп берсең?

— Мен «Имани гүл» орталығына келмес бұрын 9 жыл абақтыда отырдым. Шынымды айтсам, ол туралы есіме түсіргім келмейді. Сонда да қысқаша айтып өтейін. Ол кезде 21 жаста едім. Жалындап тұрған кезім. Көп нәрсені терең ұғына бермеген шак. Киімнің сәндісін, ұялы телефонның соңғы үлгісін ұстап, әр нәрсеге еліктеп жүрген уақыт. Әсіресе, қыз бала болғасын тәкаппарлық мінез басым еді. Осылай жастықтың буымен жаза бастым. Қалай айтсам болады, адал достықтың құрбаны болдым дегенім дұрыс шығар? Жақын құрбымның үйіне барамын деп, қылмыстың үстінен түстім. Нақты

— Иә, түрме деген соң, кез келген адамның ойында көлеңкелі түсініктер тууы әбден мүмкін ғой — дедім, сөзін бөліп.

— Абақты деген әрбір адамға ой салатын, өмір академиясы, мектеп десем қателеспеймін. Шыны керек, ол жакқа барған күні-ақ бостандықтың қадірін түсіндім. Өйткені бостандықта жүргенде не ішесің, не киесің демейсің. Тіпті жүріп-тұруыңның өзі де еркіндік. Сол еркіндіктің қадірін білмей жүре беріппіз. Бостандықта жүрген кезде «Мен не істедім? Қай жерден қателестім?» демейсің. Ешкімге есеп бермейсің. Ойланбайсың. Себебі оның бәріне уақыт жоқ. Өмірдің аласапыранында қайнап жүре бересің. Күйбелен тіршілік қой бәрі.

Ал мен абақтыға қамалғаннан кейін ғана жаратушым 24 сағат уақытымның бәрін ойлануға беріп қойды. Қай жерден кемшілік кетті, қай жерден қателестім, нені дұрыстау керек? Соның бәрін абақтыда жатып ойландым. Жан-жағыңдағы адамдарға қарайсың. Түрмедегілердің бәрі жаман адам деп айтуға болмайды. Өйткені барлығы өзіне байланысты. Кімді жаман көргің келеді, кімді жақсы көргің келеді — ол өзіңнің таңдауың. Себебі ол жақта да жақсы адамдар бар. Жақсы адамның жақсы қасиетін бойына сіңіріп, жаман адамның қасиетін өз бойыңнан аулақ ұстай аласың. Себебі бұл сырт көзге көрінетін дүние. Әр адамның басына ондай сынақ салмасын. Дегенмен де мен сол жағдайды басымнан өткергеннен кейін ғана тағдырға көндім.

Аллам маған осы сынақ арқылы еш жерден сатып ала алмайтын иман берді. Адам тануға, кітап оқуға, көп нәрсені салыстырмалы

түрде көре білуге мүмкіндік берді. Оған да шүкір дегім келеді. Бұл да болса мен үшін бір сынақ. Ең бастысы, бізге берілген сынақтан сүрінбей өту керек екен ғой. Біз көбінесе қиналған кезде ғана Алланы еске аламыз. Жағдайымыз жақсы болса Алланы ұмытып кетеміз. Ал ол жакта менің жүрегіме деген иман орнады. Себебі жокқа сабырлық, барға қанағат етуді

үйрендім. Абақтыда бостандықта жүргенде қадірлемей жүрген нәрселердің мәнін түсінеді екенсің. Өмірге басқа көзқараспен қарайсың. Сондықтан менің абақтыдағы өмірімді көпшілігі түсіне қоймас. Өйткені ауру адамның халін, сау адам түсіне бермейді ғой.

Абақтыда барлық адам тен. Бірі бомж, бірі нашакор, бірі маскүнем. Бірақ абақтыда бәріміз бірдейміз. Мен сендер сияқты емеспін деп ерекшелене алмайсың. Өйткені заң бәріне ортақ. Олармен бірге тамактанасың, бірге

адамдардың бойынан байқадым. Ең бастысы, ата-анам, туыстарым, достарым қасымда. Өйткені менің басым іс түскенде ешқайсысы менен сырт айналып кеткен жоқ. Керісінше, барынша қолдау көрсетті. Мені елеп-ескеріп, қажет заттарымды әкеліп беріп тұрды. Олар менен мейірімі мен қамқорлықтарын аяған жоқ. Басына іс түскенде өз баласынан сырт айналғанды да көргем. Ал менің ата-анам үнемі қолдап келді. Ең алғаш абақтыға қамалған күні берілген мерзім ешқашан бітпестей болып көрінген еді. Бірақ әр нәрсенің өз қайыры болады екен. Ең бастысы, абақтыда отырғанда отанымыздың тыныш болғанына шүкірлік еттік! Бәрібір абақтыдағы жан мен бостандықта жүрген адамды салыстырмалы түрде қарасак, екеуі екі түрлі. Дегенмен де абақтыда отырған адам терең ойланады.

— Айдана, сіз абақтыда отырған кездері түрмеде жат ағымға үгіттейтін, басқа дінге арбайтын сәттер болды ма? Өйткені жат ағымды насихаттау абақтыда да белсенді жүргізіледі деп естиміз. Сіз рухани тазардым, иманымды арттырдым дедіңіз. Қалай арттырдыңыз?

— Абақтыда дінге қарсы шектеу қойылмаған. Ол жерде заңды түрде тексеруден өткен, Қазақстан Мұсылмандар діни басқармасы рұқсат берген кітаптарды ғана оқуға болады. Бізге ай сайын теологтар, имамдар келіп тұратын. Ол жерде мен басқа ағымға кіріп кеттім, арбалып қалдым деп айта алмаймын. Дегенмен де басқа ағымның шырмауына арбалып, басымен кіріп кеткендер болды. Әйтсе де имамдар мен теологтар жиі келіп, әңгімелесіп, бізді тексеріп отыратын. Дін жағына келгенде, ең алдымен, абақтыда отырғандарды бірінші тексереді. Олай тексеріп отырғандары дұрыс. Өйткені жат ағымдарды, тіпті христиан, католик бағытына үгіттейтіндері де кездесті. Олар бірден «Жүр, осы ағымға кір» деп айтпайды. Алдымен жақсылап жарнамасын жасайды, содан кейін түрлі сыйлық ұсынады. Сыйлық арқылы адамның көңілін, назарын өзіне аудартады. Арамызда қызыл-жасыл дүние үшін басы кетіп арбалған қазақ қыздары да болды. Дінін сатқандар, кейбірі діннің не екенін түсіне алмай жүргендері

де бар. Мен ойлаймын, ондай арбаушылардың демеушісі мықты деп. Өйткені олардың ауызбіршілігі мықты. Қолдаушылары да мықты. Оларға ерік беріп қойған, тіпті апта сайын кіруге рұқсат берілген. Ал біздің теолог, имамдар апталап, айлап келе алмайтын. Өмірі оларда бір жағдай болады да тұрады. Айына екі рет әрең келеді. Себебі олардың жұмысы көп немесе көлігі жоқ. Қаржыландыру жағы кемшін. Осы сынды себептермен қажетті мамандарымыз тиісті жұмыстарын атқара алмай жататын. Бір екі жылдай тұрақты келіп жүрген имамдар болды. Кейіннен басқа жұмысқа ауысуына байланысты жиі ат басын бұра алмай қалды.

— Түрменің ондай тәртібінен хабарсыз екенбіз. Айдана, сонда сіз Алматыдағы «Имани гүл» кеңес беру және оналту орталығына бостандыққа шыққаннан кейін келдіңіз бе?

— Иә, бостандыққа шыққаннан кейін діни сауаттылығымызды тексеріп әрі қарай жетілдіруіміз үшін осы орталыққа келдім.

Орталық жетекшісі Жұмагүл апаймен осы жерде таныстым. Ол кісіден көп нәрсені үйрендім. Әлі күнге дейін араласып тұрамын. «Имани гүл» сынды орталықтың барына шүкірлік етемін. Себебі олар қазіргі қоғамда үлкен еңбек атқарып жатыр. Өйткені қазір қыз-келіншектердің арасында дінге келіп, дұрыс бағыт ұстану үшін білім іздеп жүргендері көп.

— Айдана, қиын күндерің артта қалды. Енді алға қойған жоспарың, болашаққа құрған мақсатың бар шығар?

— Болашаққа құрған нақты жоспарым жоқ. Ол бір Аллаға ғана аян. Ең басты арманым — тұрмыс құрып, ана атану. Әрі қарай білім алып, сол білімді дұрыс бағытта пайдалану. Кішкене болса да, дін жолында қызмет ету. Осы алған білімді арқылы болашақ ұрпағымды тәрбиелесем деймін. Өткен күнге өкпе жоқ, оның бәрі менің маңдайыма жазылған тағдыр.

Әңгімелескен
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Сәті түскен сұхбат

RÝHANIAT



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

«Рухани жаңғыру» аясында қазақ әдебиеті көрнекті өкілдерінің шығармалары әлемнің 6 тіліне аударылмақ. Бұрнағы күндері осы жөнінде Ұлыбритания, Ресей, Қытай, Түркия сияқты алыс-жақын шетелдерден келген делегаттардың қатысуымен Елордада халықаралық конференция өтті. Астанаға ат басын тіреген мәртебелі меймандардың бірі – жазушы, Қытай Халық Республикасы Жазушылар қоғамының тұрақты мүшесі, Мемлекеттік сыйлығының иегері, кино, телевизия жөніндегі комиссия төрағасының және киносценарий қоғамы төрағасының бірінші орынбасары Әкбар Мәжитпен аз-кем сұхбатасудың сәті түсті.

Jas qazaq: Әкбар аға, Қазақстанға қош келдіңіз! Атажұртқа осымен нешінші рет ат басын бұрып отырсыз?

Ә.Мәжит: Нақты нешіншісі рет келгенім есімде жоқ. Жіі келіп тұрамын. Ең алғаш рет Қазақстанға 1995 жылы келгенмін. Екінші рет 2002 жылы Түркістанда өткен Казак құрылтайына Қытайдан келген делегацияны бастап келдім. Одан бері де талай мәрте ат ізін салдым. Жалпы, Қазақстаннан үнемі шақырту болып тұрады. Ал осы жолғы келгендегі мақсатымның жөні бөлек. Қазақ прозасы мен поэзиясы тандамалы елдердің 6 тіліне аударылғалы жатқанын білесіз. Бұл жөнінде Қытайдағы Ұлттар баспасы мен осындағы Ұлттық аударма бюросы өзара келісімге

Онда тұрып жатқаныма 38 жылдан асты. 1981 жылдан бастап «Ұлттар әдебиеті» журналының проза бөлімінің редакторы болдым. Кейін Жазушылар қоғамында Ұлттар әдебиеті баскармасының басшысы, одан кейін Қытай жазушылар баспа тобын өз қолыммен құрдым. Сол жерде партком хатшысының орынбасары, кейіннен «Қытай жазушыларының таңдамалары» журналының, содан соң «Қытай жазушылары» атты ең үлкен журналдың Бас редакторы болдым. Осы уақытқа дейін 36 кітабым шықты. Оның барлығы қытай тілінде жазылып, қазақ тіліне аударылды. Өзім де қазақ әдебиетіндегі туындыларды қытай тіліне аударамын.

Jas qazaq: Қазақ жазушыларынан кімдердің, қандай шығармаларын аудардыңыз?

Ә.Мәжит: Абайдың қара сөздерін, одан бөлек, арғы жақтағы бірнеше автордың шығармаларын аудардым. Енді Абайдың өлеңдерін аударып жатырмын.

2013 жылы Қытай Халық Республикасының төрағасы Ши Жин пин (Си Зинпин) Астанаға келгенде Назарбаев университетінде дәріс оқыды. Сонда ол Абайдың сөздерін аузына алыпты. Ол — менің аудармам. Былтыр Қытайда Шаған мерекесіне арналған сауық кеште Жун Моң деген атакты әртіс те өзінің бағдарламасы барысында Абайдың Ақылиясын сөз етті. Оның сол сөзі де — менің аудармам. Жалпы, Абайдың шығармалары Қытайда кенінен таралып жатыр.

Jas qazaq: Қытай елінде қазақ әдебиетінің даму деңгейі қалай?

Ә.Мәжит: Мен Қытай жазушылар қоғамының ұлттар әдебиеті баскармасында 10 жыл



басшылықта болдым. Оның алғашқы 3 жылында баскарма бастығының орынбасары, кейінгі 7 жылында — баскарма бастығы. Сол кезде аз санды ұлттар жазушыларының екі жүздейі ғана жазушылар қоғамында мүшелікте болды. Соның ішінде қазақ жазушыларының



үлесі 10-ға жетпейтін. Мен ол жерден кеткен кезде жазушылар қоғамында мүшеліктегі аз санды ұлт жазушыларының саны 800-ге, қазақ жазушыларының саны 40-қа жетті. Қазір одан да көп. Алтай, Тарбағатай, Іле аймақтарында қазақ тілінде шығатын басылымдар бар.

Шинжаң казактарының роман, повесть, өлеңдері көптеп шығып, оның біраз бөлігі қытай тіліне аударылып жатыр. Сол арқылы қазақ жазушыларының дүниежүзіне тарауға мүмкіндігі артып келеді. Жалпы, Қытайдағы қазақ жазушылары ондағы аз санды ұлттардың ішінде көш бастап тұр.

Jas qazaq: Бейжіндегі казактар жайлы айтыңызшы. Олардың ахуалы қалай? 20 миллионнан аса тұрғыны бар алып шаһарда қанша қазақ тұрады?

Ә.Мәжит: Бейжінде казактар бірнеше орынға шоғырланған. Солардың бірі — Ұлттар баспасында. Онда 1953 жылдан бастап қазақ редакциясы бөлімі бар. Одан кейін ұлттар аудармашылар мекемесінде де қазақ бөлімі жұмыс істейді. Сол сияқты Орталық халық радио стансасының да қазақ бөлімшесі бар. Ұлттар институтында 1950 жылдардан бастап қазақ кафедрасы ашылған. Қазір ол 10 жылдан бері қазақ тілі факультетіне айналды. Қазір қазақ бөлімдері бұрынғыға қарағанда көбейіп келеді. Менің ұсынысым бойынша сайтта қазақ тілі беті ашылды. Одан кейін қазақ тіліндегі сайт орталық радио стансасында, орталық телевизиясы да ашылды. Кейінгі жылдары «Ұлттар әдебиеті» журналының қазақша беті жарық көре бастады. Қазір айына бір рет шығып тұрады. Ол жақта түрлі компанияда, аурухана мен институттарда, ғылыми-зерттеу орталықтарында істеп жүрген қазақ жастары көп. Шамамен Бейжінде мыңнан аса қазақ тұрады. Оның үстіне Қазақстаннан барып, білім алып жатқан студенттер 3 мыңнан кем емес.

1982 жылдан бастап Бейжінде Наурыз мейрамын тұрақты өткізіп келеміз. Наурызды қарсы алудың 30 жылдығында әр кездердегі Ұлыстың ұлы күнін тойлаған сәтіміздегі фотосуреттердің жинағын жарыққа шығардық. Бұрындары дастархан жайылып, думандатып өткізсек, кейіннен реформа жасап, дастархан жаюды, көже ішуді доғарып, сахнада өнер көрсетуді қолға алдық. Нәтижесінде, Іле қазақ автономиялы облысының Алтай, Тарбағатай аймақтарының ансамбльдерін кезек-кезек Бейжіңге шақыртып, ойын-сауық кешін өткізіп жүрміз. Мерекелік шараны аланда, концерт залында, саябақта, клубта да өткіземіз. Кейінгі жылдары қаладағы казактар көбейіп, қазір мекеме қызметкерлері, студенттер өз алдына бөлек өткізе бастады.

Jas qazaq: Саяси кеңес мүшесі болған кезіңізде қандай ұсыныстар айттыңыз? Олардың қайсысы қабылданды? Соның қатарында Қытайдағы аз ұлттар пайдасына шешілген заңдар болды ма?

Ә.Мәжит: Бейжің қалалық саяси кеңесінде 3 қарар, яғни 15 жыл, ал мемлекеттік саяси кеңесте 2 қарар, яғни 10 жыл мүше болдым. Қалалық саяси кеңесте мүше болғанымда 15 жыл ішінде 284 ұсыныс жасаппын. Оның біршамасы жергілікті заңға айналды. Ал мемлекеттік саяси кеңес мүшесі болғанымда 150-ге жуық ұсыныс айтыппын. Оның төртеуі мемлекеттік заңға енді. Соның бірі — 30 қыркүйек күні мемлекеттің азат болуы жолында құрбан болғандарды еске алу күні болып бекітілді. Бұл ұсынысты мен 2010 жылы айттым. Ол 2013 жылы қабылданып, 2014 жылы іске қосылды. Содан бері әр жылдың 30 қыркүйегінде Қытай төрағасы бастаған партияның саяси бюросының 7 мүшесі қаһармандарға арналған ескерткіш мұнарасының алдына барып, тағзым жасайды. Үшіншісі — мемлекеттік Әнұран заңы. Тудағы жұлдыздардың заңы бұрыннан болса, әнұран жөніндегі заң болмапты. Ол заң 2017 жылдың 1 қазанынан бастап жүзеге асырылды. Ал 2018 жылдың 1 мамырынан бастап Құрбан болған батырлардың абыройын қорғау заңы қабылданды. Қытайда 56 ұлт бар болса, оның 55-і — аз санды ұлттар. Бірақ аз санды ұлттың өз ішінде 22 аз ұлт бар. Олардың кейбірінің саны 100 мыңнан төмен. Аз ұлттардың мәдениетін, тілін қорғау сияқты олардың мүддесін қорғау жөнінде мен 1987 жылдан бастап қызмет істедім.

Jas qazaq: Саликалы сұхбатыңызға көп рахмет. Аман болыңыз, аға!

Сұхбаттасқан
Нұрділет КӘКІШ,
Астана

Әкбар МӘЖИТ, *Қытай Мемлекеттік сыйлығының иегері, жазушы:*

ҚЫТАЙ АБАЙДЫ ОҚИ БАСТАДЫ

келіп, қытай тілі аудармасының бас редакторлығы маған жүктелді.

Jas qazaq: Қазақ еліне келгенде қандай әсерде боласыз? Бұрынғымен салыстырғанда мұнда қандай өзгерістерді байқадыңыз?

Ә.Мәжит: Әрине, жақсы әсер алдым. Өзгеріс өте көп. Соңғы жылдары Қазақстан жан-жақты дамып келеді. 20 жыл ішінде Астанадай әсем қала салынды. Бұрын Ақмола осындай қалаға айналады деп ешкім ойлаған жоқ. Сондай-ақ Қазақстанның экономикасы да ілгері басып келеді. Бастысы қоғам орнықты. Орнықты болған соң халықтың тұрмысы да жақсарды. Жалпы, Орталық Азия мен Азиядан Еуропаға дейінгі елдердің ішінде бейбітшілікті ту етіп келе жатқан ел — Қазақстан. Төңіректегі көршілерімен де тату. Бұл адамды сүйсіндіреді. Одан кейін, Қазақстанның жастары жақсы жетіліп келеді екен. Шетінен шет тілін жақсы меңгерген. Көпшілігі сырт елдерде білім алыпты. Қазақ елінің спорты мен мәдениетінде де жетістік көп. Енді, міне, әдебиеті әлемнің 6 тіліне аударылып, одан әрі дами түспек. Бұл үшін өте қуаныштымын! Оған хал-қадерімізше атсалысатын боламыз.

Jas qazaq: Қазір зейнет демалысындасыз ба? Қытайда зейнеткерлікке неше жастан бастап шығады?

Ә.Мәжит: Қытайда зейнеткерлікке 60 жаста шығады. Бірақ мен 65 жаста шықтым. Себебі Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Саяси Кеңесінің мүшесі болдым. Ол сіздерше, «Парламент депутаты» дегенді білдіреді. Алайда кәсіби қызметті, журналдың Бас редакторлығын 60 жасымда өткізіп бергенмін.

Jas qazaq: Ал өзіңіз Қытайдың қай жерінде туып-өстіңіз? Қайда оқып, жас кезіңізде қандай қызмет атқардыңыз?

Ә.Мәжит: Шинжаң өлкесінің Іле қазақ автономиялы облысына қарасты Қорғас ауданында туып-өстім. 7 жасымнан бастап қытайша білім алдым. Ляньжоу университетінің әдебиет факультетінде оқыдым. Мен — прозашымын. 1979 жылға дейін Іле қазақ автономиялы облысының үгіт-насихат бөлімінде жұмыс істегенмін. Сонда жүргенімде тырнақалды шығармамды жазып, 1979 жылы 25 жасымда Қытай мемлекеттік сыйлығын алдым. Содан бері әдебиет саласындамын. 1980 жылы қызмет бабымен Бейжіңге қоныс аудардым.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ ↓

Нүкеніңнің есінен кетпейтіні, сонау жылы жайлауда болған бір оқиға еді. Көзге түртсе көрінбейтін қараңғы түн. Күзетте ұйықтап қалған Нүкен Барыстың арсылынан шошып оянады. «Қап, қораға қасқыр тиген екен» дейді де мылтығын ала салып, прожектордың жарығында айтақтап Барысты қосады. Барыстың арсылы тоқтап, қотанның ар жағындағы жырадан енді ырылы естіледі. Нұрман қарт сүріне-қабына солай қарай жүгіреді. Пржекторының жарығын жырадағы қараң-құраңға түсіріп сәп салса, қос қатар емшегі жер сызған өлекшіні қасқыр бір тегене құйрық қойды алқымдап



алыпты да, құйрығымен сабалап жетектеп әкетпекші болып тұрыпты. Барыс оны тамақтан алып тас қып жібермей тұр екен. Қасқырдың жағы қарысын қалған сияқты, қыр-қыр етеді. Барыс долдана ырылдайды. Жаралы қой адамды көргенде жанталаса тыпырлады. Тегеңдей құйрығы қозғалақтағанда құмалақтап та жібереді. Тәжірибелі аңшы өлексенің қойды апанына тірі апарып, бөтіріктерін ауыздандыратынын білетін. «Мә, бөтіріктеріңе апарып бер», — дейді де ол алақанына түкіріп жіберіп, мылтық дүмімен өлекшінді бастан періп қалады. Өлекшіні сық ете түседі. Сонда да қасқырдың тамағынан айырылмаған

Барыс иесі мылтықтың дүмімен өлекшінің миын бырқ еткізгенде барып аузын босатады да, құйрығын бұлаңдата иесінің аяғына орала кетеді. Иесі де риза болған пішімнен оның басынан сипайды... «Әй, қайран тазым-ай... қайтем енді? Анау Лиу шужидың оған қалайша көз құрты түсті екен, қайта айналып өзіме сәп ете түскенін қайтерсің, әйтең, қорлығын-ай!»

Барыс есіне түсіп кеткенде Нұрман ақсақалдың Лиу шужи, әйтеуір, ойынан кетпейтін. Мұндай кезде ол қуырылып кететін. Сонда оның тайыншадай бейнесі Нұрман ақсақалдың көз алдына елестейтін. Мұны, абзалы,

құйрығын бұлаңдата еркелей келіп, ішкелеп, оның иығына артылды. Қатты тебіреніп кеткен Нұрман: «Ой, сорлым, қашан, қалай қашып келдің?», — деп тазыны басынан сипады. Рас, алдымен кемпірін қуанту керек қой. Ол кілт бұрылып, үйге кірді де қуана айғайлады: — Кемпір-ау, кемпір, тез түрегел, қарашы өзін, Барыс келіп алыпты!

Ол кемпірінің бажалақтағанына қарамай, түнде ұйытып қойған айранды итаяққа салқ еткізіп бір-ақ құя салды.

Барыстың қашып келген хабары ауыл арасына бір демде таралды. Ауылдағылар иттің сонау қаладан қашып келгенін, шынында, ғажайып хабардай сезінді...

Арада екі күн өткенде бағы машина Нұрманның есігі алдында тағы пайда бола қалды. Барыстың бұрынғы жеріне қашып кеткенін естіген Лиу шужи іле-шала жеткен екен. Ол Барыс жоғалғанда Солтан шужидің қандай тыпырығанын, көп адам жұмсап, бүкіл қаланы тіптіксізгендігін айта келді.

...Әне-міне дегенше қазан айы туып, алтын күз болды.

Бір күні кеште Нұрман сонау жылдары сыйлыққа алған радионы тыңдап еді, маңызды бір хабар беріліп жатқан тәрізді болды. Қарт зейін қоя құлақ түріп, анық білді: Орталық партия комитеті «Төрттік төбе» партияға қарсы тобын тас-талқан еткен екен.

— Шіркін-ай, не деген жақсы болды... — деп тебіренген Нұрман көзіне жас алды. — Әй, кемпір, бұрынғылар «Алтын басым аман болса, алтын аяқтан ас ішермін» дейді екен. Солардың айтқандарының жаны бар екен. Пәленің беті ашылғанын көрдің ғой. «Төрттік төбе» дейтін сұмнайылар бастан бүлдіріп жүріпті ғой! Жақсы болғанын қарашы...

Сол түні қарттың көз алдына Отанның, ферманың болашағы елестеп, қуанғанынан кірпік айқастырмай шықты. Ол Барысты, Лиу шужиді есіне алды. Күзгі жайылым құрылысы аяқталғаннан кейін Лиу шужиге барып, Барысын қайтарып алу байламына келді.

(Жазушының «Нұрман қарт және оның тазысы» әңгімесінен үзінді)



жердегі балалар бөліп алдық. Оның ішінде қомақты ақша болған екен. Әкем келіп таяқтың астына алған кезде, қолымдағы ақшаны қалың қардың астына тығып үлгердім.

Ертесі боран ұшырып кетті ме, ақшаны таба алмадық. Бірақ сол әрекетім үшін әкемнен оңбай таяқ жедім.

ҚЫЗДАРМЕН ДОС БОЛДЫМ

Қыздар интернатына ауысқаннан кейінгі кезең есімде ерекше естеліктермен қалды. Олай дейтінім, өзім

сырлас бола білдім. Жалпы, қыз баласын түсініп өстім. Өйткені олардың жылағаны, біреуді күткені барлығы маған әсер етті. Сондықтан да қыз атаулы қадірлі болатын.

ӨМІРДЕ ӨНЕРДІ ТАҢДАДЫМ

Мектепте өте жақсы оқыдым. Ұстаздарым өнер саласын таңдағанымға қарсы болды. Өйткені әртіс боламын десең, сол кездегі үлкендер үрке қарайтын. Актерлік — жеңіл мамандық деп санайтын. Театр институтында оқытындар өншен ішкіштер, бұзықтар деген ұғым қалыптасқан кезең.

Қадырғали КӨБЕНТАЙ,
Қазақстанның мәдениет қайраткері, композитор, актер:



Әкемнің таяғым әлі есімде

өте катал болатын. Үйден жырақта болдық. Ол кезде жоғары сыныптың балалары төменгі сыныптағыларға үстемдік көрсетіп, ақша жинайтын. Интернаттағы оқу үлгерімім жақсы болып, 4-сыныпта қыздар оқитын интернатқа ауысып, староста болдым. Барлық сабағым «5» болатын, өзім жастайымнан сурет салуға да бейім едім. Сол кездегі қабырға газетін шығару, оқу залын безендіру сынды қоғамдық жұмыстарға белсене араласатынымын. Балалық шағымның естен кетпес естелігі деп әкемнен оңбай таяқ жегенімді айтар едім. Бір күні үлкендер жағы тойға кетіп, менімен қатарлас бір топ баланы көршіміздің үйіне қалдырып кетті. Біз ойнап отырған үйдегі шкафтың үстінде үлкен паравоз болды. Сол паравозбен ойнағымыз келіп, әлгі ойыншықты алуды жөн санадық. Сөйтсек, ол ойыншық емес, ішінде ақша жиналған қопылқа екен. Сол үйдің баласының «алуға болмайды» деген сөзіне қарамастан, паравозды тесіп, ішіндегі ақшаны алып, ақыры ойнадық. Ал ішіндегі қаражатты сол

қыздардың сыныбында оқу озатымын. Қыздардың барлығымен жақын араласып, дос болып кеткен кезім. Интернатта түнгі кезекшілікке қалатын тәрбиеші ұйқыға кетіп, сыртқы есіктің кілтін маған тапсыратын. Сол кезде 8,9-сынып оқитын қыздар жоғары сынып саналады. Тәрбиеші ұйықтап қалғаннан кейін, жоғарғы сыныптың қыздарын жігіттерге шығарып беретімін.

Туған жерім — Шығыс өңірі, Аягөзден боламын. Біз жақтың ауа райын білесіздер, қыс 6 айға созылады. Жауатын қары да ерекше мол. Нағыз қыстың көрінісі біздің өңірде десем қателеспеймін. Сонда да тек қана спортпен айналысатынбыз. Шаңғы тебу, ол кезде басқаша аталатын, қазір биатлон деп жүрміз. Шаңғымен бірге мылтық ату да өнер еді. Одан кейін біз күреспен айналысатынбыз. Бұл спорттың түрі біз жақта қарқынды дамыды. Қыс бойы спорт залынан шықпаймыз. Бала кезімде ауылға кірпіш зауытын салуға шешендер келген болатын. Сол кездегі жергілікті



Ақыры осы мамандыққа барамын деп қоймай қойып едім. Мектеп

басшылығы сабақтарым түгел бес болса да, ақыры сен театр институтына барасын, сені алтын белгіге ұсына алмаймыз, кейбір пәндерге 4 деген баға қоямыз делі. Әлі күнге дейін өмірде бар ұстаздарым сенен жақсы математик немесе физик шығатын еді деп ренжиді. Бірақ осы мамандықты жүрегім қалады. Арманымға жеттім...

Дайындаған
Мақпал НОҒАЙБАЕВА



БАҚ Лиганың ашылу салтанатында қазақ спортының жанашыры, білім ордасының басшысы, педагогика ғылымының докторы, профессор, Жоғары мектеп ғылымдары халықаралық академиясының академигі, Қазақстан университеттері Ұлттық спорт одағының президенті, Еуропа мен Азиядағы спорт жоғары оқу орындары қауымдастығының



бірінші вице-президенті Қайрат Хайроллаұлы Закирянов құттықтау сөз сөйлеп, журналистерге сәттілік тіледі. Ал айтыскер ақын, «Намыс» командасының футболшысы Асхат Қылышбек жырдан шашу шашты.

Сонымен, «Айбын», «Тұлпар», «Намыс», «Бірлік», «Қыран», «Жігер» деген атауды иеленген алты команда жарыс алаңына шықты. Өткен аптада болған алғашқы айналымның өзінде-ақ шын жүйріктер өздерінің күш-қуатын көрсетіп үлгерді.

Кілең журналистерден құралған ойыншылар арасында газетіміздің Бас редакторы Срайыл Смайыл, «Ана тілі» газетінің Бас редакторы Жанарбек Әшімжан, «Хабар» телеарнасының сүрмергендері Амангелді Сейітханов пен Жандос Айтбай, «Болашақ» жастар қозғалысының жетекшісі Дәурен Бадамұратов, сондай-ақ белгілі журналистер — Совет Сейітұлы, Ақын Ордабайұлы, Шокан Маханов, Есей Жәнісұлы секілді танымал журналистер бар. Олар өздерінен



кейінгі жастарға жазу өнерінен бөлек, ала доптың қыр-сырын үйретуде. Мәселен, белгілі журналист Есей Жәнісұлы жас тілшілерге «журналистер» деген сөздің бір «т» әрпімен жазылатынын әзілдеп ескертті.

Командалар құрамы соқыр жеребе арқылы таңдалған. Ойыншылардың айтуынша,


бұрынғы өткен турнирде кәсіби футболшылардың «кәсіби журналистерге» айналып кететін жағдай өте көп кездесетін болған. Ал бұл жолғы ойыншылар құрамында ондай китүркылық болмады.

Алғашқы ойында «Бірлік» пен «Намыс» — 5:1, «Жігер» — «Қыран» — 3:3 ұпаймен тең түссе, «Тұлпар» — «Айбын» 2:6 ұпаймен есеп айырысты.

Бірінші тур жуырда ғана өмірден озған әріптесіміз, айтулы қақпашы, жайдары азамат Мақсат Сіләмбековтің құрметіне арналды. Жарыс алдында марқұмға арнап бір минут үнсіздік жарияланды.

Бұл ойын журналистердің қаламға ғана жүйрік емес, ала доп тебуда де санлақ ойыншы екендіктерін көрсетті. Дүбірлі дода бұдан былай дәстүрлі түрде өтетін болды.

ЕРТТЕ ШЫРЫЛДАЙСЫЗ!



Интересный снимокъ группы борцовъ, выступавшихъ прошлымъ лѣтомъ въ московскомъ Зоологическомъ саду. Въ пальто-извѣстной организаторъ чемпионатовъ Н. Я. Петровъ. Слѣва, съ тросточкой, борець Штернь. Рядомъ съ нимъ молодой чемпионъ Лука Коньевъ, съ распухшимъ бицепсомъ правой руки — результатъ «пробы» Поддубнаго. Далѣе сморщился негръ Чemberсъ Ципсь, не показывающій почему-то своихъ бѣлыхъ зубовъ, что вѣсгда дѣлаетъ на аренѣ. На первомъ планѣ стоитъ «самъ» — И. М. Поддубный. За нимъ —человекъ радующійся, противъ обыкновенія, свирѣпый въ борьбѣ, Сабатье. Въ отчаянной позѣ, съ завертными брюками — цеголь — Муханура.


Қазақтың зор күш иесі балуан Қажымұқан Мұңайтпасовтың бұрын жарияланбаған фотосы

(Айдос Сарымның фейсбуктегі парақшасынан)

МҮКІС МҮЙІС



Әзілкеш Тұрсынбек Қабатовтың сын садағына ілінген қисық аудармалар



Дереккөзі: Youtube

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы
(8 702 799 79 23)

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және
Солтүстік Қазақстан облыстары
(8 778 910 45 34)

Лина АЙДЫН — Алматы облысы
(8 707 666 16 03)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия
mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан
облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көнесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2147;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 45 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарсын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.